«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

07.03.18 № 02-09/509

«Қараойқұрылыс» ЖШС-нің
директоры
А.Қамбаровқа
130000, Ақтау қаласы, 13 ш/а, 33/1 ғимараты
тел: 31-84-07, e-mail. Office@araigroup.kz.

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті *(бұдан әрі - Департамент)*, Сіздің «Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ-нің *(бұдан әрі - Ұйымдастырушы)* тарапынан №2173812-1 «Қызылтөбе селолық округін сумен жабдықтау желілерін салу» жұмысын сатып алу жөніндегі электронды конкурс тәсілімен өткізілген мемлекттік сатып алуына қатысты жазған 19.02.2018 жылғы №3455 санды шағымыңызға келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан аталған сатып алуға қатысты келтірген шағымыңыз бойынша мемлекеттік сатып алу заңнамасының сақталу мәселесіне камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесімен бұзышылық деректерінің орын алмағандығы назарыңызға беріледі.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 9-бабының 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, жұмыс тәжірибесінің болуы, осы тармақтың 5) тармақшасының талабы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен айқындалатын өлшемшарттарға сәйкес белгіленетіні көрсетілген.

Сәйкесінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Қағидасының *(бұдан әрі - Қағида)* 150-тармағының 1-тармақшасында, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) белгіленген сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы бөлігінде біліктілік талаптарға сәйкес келмеуі айқындалған жағдайларда конкурсқа жіберілмейтіндігі айтылған.

Бұдан әрі, Қағиданың 155-тармағында, жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын ***жұмыстар нарығында*** әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді.

Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс

түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді делінген.

Осыларға қоса, Қағиданың 5-қосымшасының ескертуінің 9-тармағында Құрылыс саласындағы ***жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне*** (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып ескерілетіні көрсетілген.

Осыған орай, конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан «Қараойқұрылыс» ЖШС-нің конкурстық өтінімін біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп, конкурсқа жібермеу туралы *шешімі* негізді болып табылады.

Сонымен қатар, әлеуетті өнім беруші «Қараойқұрылыс» ЖШС-нің ұсынған сапа менеджменті жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуына 2 % берілген, ал әлеуетті өнім беруші ұлттық стандартқа экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың болуына 1 % конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан берілмеген.

Камералдық тексеру нәтижесімен, уәкілетті органның сайтында (cabinet.nca.kz.) экологиялық менеджмент жүйесінің сәйкестігін растайтын құжаттың қолданылу мерзімінің күші жойылғаны белгілі болды.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабтарына сәйкес, өтінішіңізге жауап мемлекеттік тілде беріледі және өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Башагулов Е.
тел: 8 7292 31-90-92.